

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Оқу-әдістемелік кешен	Басылым: төртінші
--	---------------------------------------------------	-----------------------	-------------------

№3 Лекция

Тақырыбы: Ландшафты геожүйесіндегі В.Б. Сочаваның тұжырымдамасы

Жоспары:

1. В.Б.Сочава тұжырымы
2. А.А.Крауклистің түсінігі
3. В.И.Вернадскийдің тұжырымы
4. Н.А.Солнцевтің түсінігі

Сабақтың мақсаты: Ландшафты геожүйесіндегі В.Б. Сочаваның тұжырымдамасына талдау жасау.

В.И.Вернадскийдің тұжырымы бойынша атмосфераның оттегі, азот және көмірқышқыл газдарының шығу тегі биогендік, бұлай дегеніміз қазіргі ауа қабаты организмдерден пайда болды деген сөз. Бүкіл шөгінді қабат жыныстары организмдердің тура немесе жанама әсері нәтижесінде, ал табиғаттағы сулардың да, газдың иондық құрамы да осы организмдердің нәтижесінде пайда болған.

Сонымен қатар ландшафттарда да биота ең активті компонент болып саналады. Олар биологиялық айналымға органикалық емес заттарды қатыстырады, сөйтіп биомасса түзеді, күн энергиясын ауыстырып оны органикалық заттарға жинақтайды: өсімдіктердің жер асты бөліктері арқылы атмосфераға булану арқылы су қорлары “түседі” т.б.

Керісінше литосфера заттары “орамсыздығымен” айқындалады, тек құрамындағы сулардың тынымсыз циркуляциясы арқасында оттегінің, көмірқышқыл газының енуі, әсіресе тірі организмдердің. Олар зат айналымына қатысады, өзгереді және толықтырылады. Сондықтан да осындай пассивті немесе консервативті қатты компонентті ландшафттың негізгі факторы деп есептеу дұрыс емес.

Қазақстан территориясы бойынша геожүйелердің табиғи даму тенденциясына техногенез факторларының әсер ету ерекшелігі мен оның салдарына талдау жасап, табиғи ландшафттарды тиімді пайдалану мен оның экологиялық ахуалын жақсарту шараларына арналған ғылыми, комплекстік еңбектер жоқтың қасы.

А.И.Перельманның антропогендік ландшафттарды белгілі бір жүйеге келтіруде пайдаланған геохимиялық принциптері материяның қозғалыс формасына негізделді және ландшафттардың дамуын төмендегідей кезеңдерге жіктеді: абиогенді (тек механикалық және физикалық - химиялық миграция), биогендік (биологиялық миграция қосылады), техногендік (техногендік миграция қосылады). Біздің түсінігімізше техногендік комплекстердің пайда

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Оқу-әдістемелік кешен	Басылым: төртінші
--	---------------------------------------------------	-----------------------	-------------------

болуы ең алдымен техногендік заттардың шоғырлану қарқындылығына, яғни техногендік миграция көлеміне байланысты; кейіннен ландшафт шеңберіндегі техногендік заттардың миграциялық сипаты зоналық және региональдық факторларға, әсіресе техногендік, механикалық және биологиялық миграциялардың қарқындылығының қарым - қатынасына тікелей байланысты.

Техногенез қалдықтарының шоғырлану қарқындылығы заттардың миграциялық ерекшеліктеріне, миграция түрлерінің қарым - қатынасына да бағынышты. Егер техногендік зат ағыны табиғи зат ағынынан басым болса, онда геожүйелерде техногендік қалдықтардың шоғырлануы күрт өседі, сөйтіп геохимиялық аномальды аймақтар қалыптасады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. В.Б.Сочава тұжырымына талдау жасаңыздар?
2. А.А.Крауклистің түсінігі туралы сипаттама жасаңдар?
3. В.И.Вернадскийдің тұжырымына талдау жасаңдар?
4. Н.А.Солнцевтің түсінігіне сипаттама беру?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Геренчук К. И. Тектонические закономерности в орографии и речной сети Русской равнины / К. И. Геренчук / Львов. гос. ун-т. – Львов, 1960. – 242
2. Глазовская М. А. Геохимия природных и техногенных ландшафтов
3. Жекулин В. С. Введение в географию: учеб пособие / В. С. Жекулин / Ленинград. гос. ун-т. – Л., 1989. – 272 с.
4. Коротный Л. М. Бассейновая концепция в природопользовании / Л. М. Коротный. – Иркутск : Изд-во Института географии СО РАН, 2001. – 163 с.
- Мильков Ф. Н. Физическая география: учение о ландшафте и географическая зональность / Ф. Н. Мильков / Воронеж. гос. ун-т. – Воронеж,